

АБАЙ

UNIVERSITY



Үздік оқытушылар
анықталды

2
бет

Ұстаздардың
ұстазы

3
бет

Түлектер
бас қосты

4
бет



№06
(219)

маусым
июнь

2022

2002 жылдың тамыз айынан бастап шығады

РЕЙТИНГ

ABAI UNIVERSITY 40 тармаққа жоғарылады

Алматы қаласында Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің базасында өткен «Зерттеу университетінің Қазақстандық моделі - 20 жылдық даму тәжірибесі» атты Халықаралық форум барысында QS World University Rankings-2023 халықаралық рейтингіне енген Қазақстандық университеттерді марапаттау рәсімі болды.



Жоғары орындарға ие болған қазақстандық жоғары оқу орындарының топ-менеджерлеріне марапатты салтанатты түрде QS Орталық Азия және Шығыс Еуропа бойынша аймақтық директоры Сергей Христюков табыс етті.

Рейтинг қорытындысы бойынша Abai University өткен жылғы нәтижемен салыстырғанда 40 тармаққа жоғарылап, 511-520 орынды иеленді. Естелік белгіні Абай атындағы ҚазҰПУ-дың басқарма төрағасы – ректоры Дархан Білалов қабылдап алды.

Рейтингке барлығы 2462 университет қатысып, оның ішінде 1422 университет сараланды. Әлемдік университеттер рейтингінде Қазақстаннан 16 жоғары оқу орны қатысқан болатын.

QS WUR рейтингісі 2004 жылдан бері үзбей жарияланып келеді, ол университеттердің беделін зерттеуге бағытталған. Әдістеме 8 бағалау критерийіне негізделген, оның 4-і бойынша Абай атындағы ҚазҰПУ оң үрдіс көрсетті.

Ал, Абай университеті 2014 жылдан бастап QS World University Rankings беделді рейтингіне қатысып, бірте-бірте тұрақты өсуді көрсетіп келеді. Ағымдағы жылдың нәтижесі бойынша, университет әлемнің үздік 500 жетекші университеттерінің қатарына кіруге, тағы бір сенімді қадам жасады.

ABAI UNIVERSITY ҚАЗАҚСТАН БОЙЫНША КӨШ БАСТАДЫ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Times Higher Education (THE) Impact Rankings-2022 әлемдік университеттер рейтингінде өткен жылғы нәтижесін 200 позицияға жақсартып, қазақстандық университеттер арасында абсолютті көшбасшы атанды.

Жалпы рейтингке 106 елден 1406 университет, оның ішінде Қазақстаннан 10 университет қатысты. Қазақстандық академиялық сегментте Абай атындағы ҚазҰПУ бірінші орында, одан кейін 2 жоғары оқу орны әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Нархоз 801-1000 позицияны иеленіп отыр. Атап өтетін жайт, қалған 7 университеттің барлығы 1000+ позициясында.

Impact Rankings-2022 рейтингінде университеттер мақсаты ғаламшардың әл-ауқатын жақсарту және оны қорғау болып табылатын БҰҰ-ның жаһандық тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) қол жеткізуге атсалысуы бойынша бағаланады. Abai University осы рейтингке қатыса отырып, ТДМ қол жеткізуге бейімділігін көрсетті. Өзінің әдіснамасында жоғары оқу орындарының ТДМ процесіне әсерін бағалау рейтингі төрт кең саладағы көрсеткіштерді теңгерімді салыстыруға негізделген: зерттеу, басқару, ақпараттық-түсіндіру жұмысы және оқыту.

ТДМ бойынша Абай университетінің жетістіктері - университет ұжымының күнделікті және жүйелі еңбегінің нәтижесі.

Жалпы, рейтинг университеттің ТДМ-ға қол жеткізуге күш салып, білім беру, әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту саласындағы мәселелерді шешуге, кедейшілікті азайтуға және адам капиталын қалыптастыруға белгілі қадамдар жасап жатқанын, сондай-ақ, климаттың өзгеруі және қоршаған ортаны қорғау бойынша белгілі бір қадамдар жасап жатқанын айқын көрсетті.

Стратегия департаменті

СТУДЕНТТЕР Абай еліне саяхаттап қайтты

Абай университеті «Жаңа Қазақстан» мемлекеттік идеяларын қолдау мақсатында «Рухани жаңғыру - болашаққа бағдар» мемлекеттік бағдарламасының «Туған жер», «Қазақстанның киелі географиясы» бағыттарына сәйкес, Абай облысының білім беру және мәдени ошақтарымен рухани хәм мәдени ынтымақтастығын нығайту үшін, білім алушы жас зерттеушілер мен оқытушы-педагогтарға арналған «Абай еліне саяхат» танымдық-мәдени экспедициясы жобасын жүзеге асырды.

Экспедицияның мақсаты - аймақаралық білім берудің өзара заманауи білім мен мәдени ынтымақтастығын орнату, мемлекеттік бағдарламалардың білім беру мазмұнында өндірістік-әдістемелік білім тәжірибелерімен ауысу, жас мамандардың интеллектуалдық-рухани әлеуетін арттыру, рухани дүниетанымды мен шығармашылығын күшейту, өзара өлкетану мен тұлғатану рухани қозғалысының дамуына үлес қосу.

Экспедиция жоспары бойынша қырықтан астам қатысушы Абай облысы Семей қаласының мәдени-рухани ошақтары мен жоғары оқу орындарында, Абай ауданы «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайы аумағын 21-24 маусым аралығында аралайды. Жазғы танымдық сапар барысында жергілікті өлкенің бай тарихы мен қасиетті рухани құндылықтарымен кеңінен танысу бағдарламасы негізінде өтті.



Мақсат ЖАҚАУ

ҚҰТТЫҚТАУ

МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАРМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың Жарлығымен еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан зор үлесі және ғылыми қызметтегі ерекше еңбегі үшін көрнекті ғалымдар ҚР Мемлекеттік наградаларымен марапатталды. Олардың қатарында Абай атындағы ҚазҰПУ ғалымдары - профессор СМАНОВ Бақтияр Өрісбайұлы және кафедра меңгерушісі КОСОВ Владимир Николаевич бар.



СМАНОВ Бақтияр Өрісбайұлы – ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Халықаралық педагогикалық білім беру ғылым Академиясының (Ресей), Халықаралық Айтматов академиясының (Қырғыз Республикасы) академигі, педагогика ғылымдарының докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры, «Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы» (Филологиялық ғылымдар сериясы) журналының бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағы және Журналистер одағының мүшесі. «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Мугалим» (Қырғызстан) журналдарының редакциялық алқа мүшесі. Жамбыл Жабаев атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты, 450-ге жуық ғылыми еңбектің (оның ішінде 7 монография, 15 оқулық және оқу-әдістемелік құралдар) авторы.

Ғалымдарымызды жоғары мемлекеттік наградалармен құттықтаймыз, шығармашылық табыстар мен жаңа ғылыми жетістіктер тілейміз!



КОСОВ Владимир Николаевич - ҚР ҰҒА кор-мүшесі, физика-математика ғылымдарының докторы, термодинамика және теориялық жылу техникасы, технология саласындағы ғылыми мектептің жетекшісі. 2017 жылы Нұр-Сұлтан қаласындағы "Қазақстан" Ұлттық павильонында ЕХРО-2017 дүниежүзілік көрмесінде "көмірсутекті газ қоспасын бөлуге арналған құрылғы" авторлық жобасын ұсынды. ҚР Білім және ғылым министрлігінің бірнеше жобаларының жетекшісі, 200-ден астам ғылыми мақалалардың, 4 монографияның және 15 патенттің (оның ішінде 1 халықаралық) авторы. Scopus және Web of Science халықаралық дәйексөз деректер базасы бойынша Хирш индексі - 6/5. 2 физика-математика ғылымдарының докторын, 8 ғылым кандидатын, 2 PhD докторын дайындады.

АЛТЫН КӨПІР

БІЗДІҢ UNIVER шетелдік студенттердің көзімен



Калаян Хуан
Алфре до Сантос
(Филиппины), ТОРФЛ

Я приехал в Казахстан в ноябре прошлого года. Хотел изучать русский язык, потому что понимал, что для меня откроются многие двери, начиная от карьеры до отношений с людьми, с друзьями... После того, как я просмотрел, проанализировал все университеты по интернету, где можно обучиться русскому языку, остановил свой выбор на КазНПУ им. Абая, так как понял, что это самый первый вуз в РК, и он для меня будет лучшим вариантом. Когда начал посещать занятия, это подвергло меня на ту мысль, что я сделал правильный выбор. Мне нравится всё: процесс учёбы, отношения преподавателей к нам, новые друзья, с которыми я познакомился здесь, культура, традиции и обычаи Казахстана.

Малик Сауле
1 курс (Китай)



Я выбрала учебу в КазНПУ им. Абая, потому что наш университет был первым в Казахстане. Он был основан в 1928 году. Во-вторых, моя будущая профессия связана с подготовкой учителей. В-третьих, наш университет находится в Алматы, а это - город с мировым именем, и я знала, что этот удивительный город очень известен в Китае. В-четвёртых, нравятся преподаватели нашего университета, особенно их серьезное и ответственное отношение к обучению иностранных студентов, - это то, о чем я слышала от многих иностранцев после приезда в Казахстан.



ХАРИМИНОСОН
ЗО НИРИНА
МИАРИНТСОА
(Мадагаскар)

Будучи на своей родине в Республике Мадагаскар, я, **ХАРИМИНОСОН ЗО НИРИНА МИАРИНТСОА**, не мог представить, насколько измениться моя жизнь! Что интерес ко всему новому и к изучению языков приведёт меня в Казахстан, а именно в Казахский национальный педагогический университет имени Абая.

На кафедре филологических специальностей для иностранных граждан собрались студенты из разных стран мира. Учёба в университете останется одной из ярких страниц в моей жизни.

Я искренне благодарен нашим преподавателям, которые открыли для нас мир науки, всегда поддерживали нас, давали важные советы и мудрые наставления. Вы являетесь примером для нас всех!

жалғасы 4 бетте

АР-ҰЖДАН ДАУЫСЫН ЕСТҮ...

«Мейірім» клубының рухани-адамгершілік және мәдени-ағартушылық бағыттары бойынша Г. К. Ширинбаеваның жетекшілігімен Әлеуметтік педагогика және өзін - өзі тану мамандығы бойынша 1 курс ерікті-студенттері Н.Алпамыс, А.Ахметбек, А.Әшірбек, Ұ.Махамбетова, А.Мұхаметқажы, Ә.Сапархан, А.Сапархан «Ар-ұждан үнін есту» ой-толғау сабағын өткізді.



Іс-шараның мақсаты - Шәкәрім мен Абай еңбектері бойынша рухани-халықтық ілімінде адамгершілік өмір заңдылықтары туралы «ар-ождан» ұғымының терең мағынасын ашу. Ой-толғау-сабағына негізіне жағымды ойлауды және болашаққа деген сенімді қалыптастыру әдістері: тыныштық сәті (Нұрға бөлену...); «Менің ар-ұждан дауысым айтады...» тақырыбында презентация, бейнефильмдер қарау, шығармашылық жұмыс: «Сыпайылық ережелерін жасау»; этикет ережелерін білуге арналған викторина; жағдаяттық мәселелерді шешуге арналған практикум; ой-диалогтары; «Не істеуге болмайды?» ойыны; өмірлік жағдайларды талқылау; топтық ән айту; рефлексия, сабақ қорытындысы алынған. Ар-ұжданды ішкі дауыс ретінде талқылау балалардың санасына іс-әрекеттің қозғаушы күші болып табылатын моральдық мысалдар туралы идеяларды жарқын түрде жеткізуге мүмкіндік берді. Іс-әрекет рефлексиясын балалар үйі тәрбиеленушілерінің адамгершілік денсаулығын оятатын қазақ халқының "Қара жорға" биінің қуатты белсендіретін элементтері жалғастырды. «Арқан тартыс» ұлттық спорт ойынының қорытындысы бойынша ең белсенді қатысушыларға алғыс хаттар мен тәттілер табыс етілді. Іс-шара соңында қатысушылар осы тамаша акцияны өткізу барысында алған жағымды әсерлерімен бөлісті.

А. АХМЕТБЕК, Н. АЛПАМЫС,
1 курс студенттері

Абай атындағы ҚазҰПУ мен Слупск қаласындағы Помор академиясының (Польша) ғылым-білім бағытындағы тығыз әрі берік байланысына бірнеше жылдың жүзі болды. Мысалы, Польшада екіжақты диплом бағдарламасы бойынша оқып жүрген отандық оқу ордасының студенттері мен магистранттары еуропалық үлгідегі диплом алып шығады.

Іс-шараға Гдансктегі Қазақстан Құрметті Данута Герчиньска, Дариуш Фицек, Консулдығының директоры Йоанна ханым филология ғылымдарының докторы, Насырова қонақ ретінде арнайы шақырылған профессор, орыс филологиясы кафедрасының меңгерушісі Галина Нефагина, Алматы-дан бейнебайланыс арқылы қосылған Абай Помор академиясы арасындағы байланыс атындағы ҚазҰПУ Филология институты мен ғылымы орталығы ғалым-реформатор Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына не айналғанын ерекше атап өтті. Сондай-ақ меңгерушісі, профессор, әдебиеттанушы, орайластырылған «Абай оқулары: тарих пен салмақты жиынға Слупсктегі Помор академияда білімін жетілдіріп аталған академияда білімін жетілдіріп атты IV халықаралық ғылыми семинар

ЕКІ ЕЛ АРАСЫНДАҒЫ АЛТЫН КӨПІР



өткізді. Аталмыш іс-шара екі түрлі форматта профессор Данута Герчиньска, хакім Абай жүзеге асты. Көптеген қатысушы (оның Құнанбайұлының шөбересі Ләйла Байма-ішінде Алматыдан арнайы келген ұстаздар ғамбетова жиылған жұртқа ізгі тілектерін мен студенттер) Слупск қаласындағы Помор айтты.

академиясы жанындағы Абай атындағы Семинарды Абай атындағы ҚазҰПУ түлегі, қазақ мәдениеті мен ғылымы орталығында бүгіндері Помор академиясында ұстаздық жиылды. Ал Қазақстан мен алыс-жақын қызметте жүрген PhD доктор Максим шетелден келген ғалымдар онлайн жүйе-Пономаренко жүргізді. Модератор кезекті сөзді осы шараға мұрындылық болып, оның ұйымдастырылуына тікелей септігін тигізген

Халықаралық ғылыми семинар диплома-тиялық корпус өкілдері: Польшадағы Помор академиясына қарасты орыс Қазақстан Елшілігінің бірінші хатшысы филология кафедрасының меңгерушісі Ұлжан Галинова, Гдансктегі Қазақстан Галина Нефагина және Абай атындағы Құрметті Консулдығының директоры ҚазҰПУ Филология институты орыс тілі мен Йоанна Насырованың, сондай-ақ Нұр-әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, Сұлтан қаласындағы «Поляктар» қоғамдық профессор, әдебиеттанушы, поэтолог Сәуле ұйымы өкілдерінің құттықтау сөзімен Әбішеваға берді. Содан соң Польша, басталды. Шара қонақтарын қос университет-Қазақстан және АҚШ университеттерінің ситет басшылары - PhD доктор, Абай (Варшава университеті, Познан қаласын-атындағы ҚазҰПУ ректоры Дархан Билялов дағы А.Мицкевич атындағы университет, пен Слупсктегі Помор академиясының Алматыдағы Халықаралық бизнес универ-Студенттер ісі жөніндегі проректоры, ситеті, Павлодар педагогикалық универси-

теті, Вашингтондағы Джордж Вашингтон университеті, т.б.) ұстаздары мен студенттері поляк, орыс, ағылшын тілдерінде қазақ тілі, қазақ әдебиеті, тарихы мен мәдениетін зерттеуге бағытталған «Қайта өрлеу дәуіріндегі Еуропа ойшылдары және Абай Құнанбайұлы концепциясының сабақтастығы», «Абай мәтіні мен И.А.Бунин шығармашылығының өзектестігі», «Герольд Бельгердің «Гете мен Абай» атты очерк-эссесіндегі мәдени диалог», «Классик Мұхтар Әуезов ұлылығы», «Абай Құнанбайұлы мен Мұхтар Әуезов шығармашылығындағы отбасы құндылығы», «Бақытжан Қанапиянов поэтикасындағы әлем картинасы», «Абай Құнанбайұлы мен Северин Гросс, Александр Затаевич пен Ахмет Байтұрсынұлы мысалындағы қазақ-поляк тарихи байланысы», т.б. секілді ғылыми баяндамалары аудитория қызығушылығын тудырып, поляк және қазақ талапкерлері Абай Құнанбайұлының шығармаларынан үзінді оқыды. Қазақ тілін, қазақ әдебиетін, Қазақстан тарихы мен мәдениетін зерттеуге арналған поляк және орыс тілдеріндегі баяндамалардың тақырыптары тыңдаушылардың үлкен қызығушылығын тудырғанын атап өту керек..

Осы Халықаралық семинарға қатысқан ұстаздар, қонақтар мен студенттер баянды бастама ары қарай да үзілмей, өз жалғасын табады деп үміттенеді.

Әлібек БАЙБӨЛОВ,
орыс тілі мен әдебиеті
кафедрасының оқытушысы

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ !!!

ҮЗДІК ОҚЫТУШЫЛАР АНЫҚТАЛДЫ



«Абай атындағы ҚазҰПУ» КеАҚ үздік оқытушысы университетішілік конкурсы аяқталды. Қатысушылардан құжаттарды жинау 2022 жылдың 30 наурызынан бастап жүргізілген болатын.

Конкурстың мақсаты - педагогикалық ұжымның жоғары жетістіктері мен заманауи инновациялық оқыту әдістері мен технологияларын меңгеруін анықтау, сонымен қатар ұлттық құндылықтарды оқу-тәрбие үдерісіне енгізу. Конкурскқа барлығы 18 қатысушы, оның ішінде 5 команда қатысты. Конкурс 5 номинация бойынша өткізілді. «Абай атындағы ҚазҰПУ тәжірибесімен бөлісу» номинациясы бойынша - Жәмила Аққасынова, Гульдина Камалова, Махаббат Ревшенова, Үміт Базарбаева; «Инновациялық педагогикалық өнер» номинациясы бойынша - Алмагүл Айтаева, Светлана Конева, Жанарка Ибраева; «Ғылыми зерттеулер мен оқытудың интеграциясы» номинациясы бойынша - Забира Мырзатаева, Светлана Белоус; «Цифрлық педагог» номинациясы бойынша - Марфуға Әбсатова; «Оқу үрдісіне ұлттық құндылықтарды интеграциялау» номинациясы бойынша - Құрышлы Ермахан, Айбек Амангельдин, Дарманбек Наурызбаев, Қасым Сейдуалы жеңімпаз атанды.

Конкурстың барлық жеңімпаздарын шын жүректен құттықтаймыз, сәттілік пен шығармашылық өсуді тілейміз!

"ЖАС АВТОР" БАЙҚАУЫНЫҢ ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ

Абай атындағы ҚазҰПУ «Рухани жаңғыру - болашаққа бағдар» мемлекеттік бағдарламасының университеттік жылдық жоспары аясында, «Жас автор» әдеби-шығармашылық конкурсының марапаттау рәсімі өтті. Балаларға арналған әңгіме, ертегі мен новелла шығармаларын Филология және көптілді білім беру институты және «Хакім Абай» ғылыми зерттеу орталығы мамандарымен тексеріп, жүлделі орындарын анықтады. Конкурс нәтижесінде, III орынды Филология және көптілді білім беру институтының 3 курс студенті Абубакирова Рауан иеленсе, II орынды аталған институттың 4 курс студенті Бағып Нұрлыбек иеленді. Ал жүлделі I орынды Өнер, мәдениет және спорт институтының 2 курс студенті, жас қаламгер Зарина Мәдиқызы қанжығасына байлады. «Үздік талпыныс» номинациясының жүлдесіне Филология және көптілді білім беру институтының 4 курс студенті Ақсұңқар Алмаханнның шығармасы лайық деп танылды. Жеңімпаздар университет ректорының дипломымен марапатталды. Жүлделі орындарды табыстау рәсімін Әлеуметтік даму жөніндегі проректоры Шыңғыс Нұрлановтың қатысуымен жүзеге асты.

Университет ұжымы



Әйгілі ғалым, қоғам қайраткері Әлия Бейсенова – 90 жаста

Дана халқымыздың біртуар ер-азаматтарымен қатар, қазақ қыздарының арасында да дараланып шыққан көрнекті қайраткерлеріміз баршылық. Осындай зиялы жандардың бірегейі деп мақтанышпен айтар болсақ, ол – еліміздің ғылымы мен жоғары білімі саласында 60 жылдан астамуақыт талмай қызмет жасап келе жатқан академик Ә.С. Бейсенова. Оның атқарған ерен еңбегін – ғылым жолы мен ұстаздық жұмысына деген шынайы берілгендік пен кіршіксіз адалдықтың белгісі деуге болады. Әлия Сәрсенқызының бүкіл саналы өмірі, Қазақстан жоғары білімінің қара шаңырағы болып табылатын – «қарт ҚазПИ-мен» тікелей байланысты. Ғалым-ұстаз апайымыз осынау жылдар аясында: аспиранттан – ғылым докторы, профессор, академик, ал ассистенттен – лаборатория және кафедра меңгерушілігі мен орталық директоры және факультет декандығы қызметтері



© Аманжол Мұсағалиев

мен оқу құралдарының, карталар мен мектеп атластарының және басқа да оқу-әдістемелік туындылардың авторы болып табылады.

Еліміздегі экологиялық білім мен тәрбиенің негізін қалаушы Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің профессоры Бейсенова Ә.С. – ҚР мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері және бірнеше атаулы («Шоқан Уәлиханов», «Ахмет Байтұрсын», «Қаныш Сәтбаев», және т.б.) сыйлықтардың, II-ші дәрежелі «Барыс», «Парасат», «Құрмет» ордендері мен көптеген үкіметтік марапаттардың иегері, ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының және бірнеше салалық академиялардың академигі. Құндылықтарға толы Ә.С.Бейсенованың іргелі ғылыми және ғылыми-әдістемелік зерттеулерінен тұратын жалпы саны 550-ден астам еңбектері – өз кезегінде ұстаздар қауымдастығы, оның ішінде еліміздің ертеңі

ҰСТАЗДАРДЫҢ ҰСТАЗЫ



лауазымдарын үнемі ізденіс үстінде атқарды, ал оқу орнымыздан тыс қалалық және үкіметтік деңгейде қоғамдық негізде атқарған қомақты жұмыстарының өзі бір төбе. Табиғатты аялаған апайымыздың негізгі ғылыми зерттеулері де, жаратылыс тылсымын қоғам дамуы заңдылықтарымен бірлестікте зерделеуге қатысты аса ауқымды мәселелер. Ол, кеңес заманынан бастап күні бүгінге дейін Республикамыздың экологиялық проблемаларымен тынбай айналысуда және мұны шешу мәселесіне қажетті оның нақтылы тұғырының бірі саналатын – елімізде тұңғыш рет «Экология» мен «Туризм» мамандықтарын ашып, осы зәру бағыттағы жоғары білімді алғашқы маман-кадрларды даярлауға тікелей мұрындық болып әрімұны сонау 1980-90 жылдар тоғысында өзі түлегі болып табылатын қазіргі Абай атындағы ҚазҰПУ-да жүзеге асырған іскер тұлға. Еліміздің оқу-ағарту саласына білікті мұғалімдер дайындауға да белсене атсалысқан әдіскер-ғалым, сонымен қатар Әлия Сәрсенқызы аталмыш оқу ордасының «География және экология» ғылыми-әдістемелік орталығының жетекшісі ретінде, көп жылдар бойы төл тілімізде әзірленген жоғары және орта мектептерге арналған оқулықтар

болып табылатын білімді де білікті жастар үшін маңызы зор қомақты дүние әрі асыл мұра болып саналады. Осы орайда біздер, жан-жақты жарасымды жан-апайымыздың әріптестері мен шәкірттері – отандық экология және география ғылымдарының көкжиегін кеңейтуге өлшеусіз үлес қосушы аяулы ардагердің өнегелі өмір жолы мен тағылымы мол ғибратты ғұмырын әрқашанда үлгі тұтып мақтан етеміз. Халқымыз бен қоғамымыздың құрметіне бөленген белгілі ғалым және көрнекті қайраткер аса қадірлі Әлия Сәрсенқызын, өмірінің өте маңызды бір белесі – торқалы тоқсан жастың төрінеші ғұымен шын жүректен құттықтай отырып, зор денсаулық пен ұзақ ғұмыр, бар жақсылықтар мен мол қуаныш және амандық тілейміз!

К. КАЙМУЛДИНОВА,

Жаратылыстану және география институтының директоры, профессор, г.ғ.д.;

Т.УВАЛИЕВ,

ЖГИ, Ардагерлер кеңесінің төрағасы, доцент, п.ғ.к.

САПАРНАМА

Біз тұратын жер Алматының ең көркем де әсем жері. Себебі, бұл жерде менің ҚазҰПУ-ым орналасқан. Маған солай сезілетіні болмаса Алматының барлық жері көркем ғой.

Біз Бейжің орталық ұлттар университетінен «Академиялық ұтқырлық» атты студенттерді өзара алмастырып оқыту достық бағдарламасымен Абай университетіне оқуға келіп түскен едік. «Сағындым Алматымды», «Алматыға келесің бе?» деген әдемі ән сөздерімен Алматыға ынтық болған ғашық жүрегімізді алып ұшқан ұшақ былтарғы желтоқсан айының ақ көрпе жамылған бір кешінде Алматыға келіп қонды. Бәрі де көркем, адамдары риясыз ашық, табиғаты тым сұлу, бұл жерде көріксіз дүние жоқ, бәрі сұлулықтан ғана жаралғандай екен...

Кешеде жүрген жұртқа қарап көзіміз демалды. Құрылстары көнелеу болғанымен, кіріп кетсең жанға жайлы кафелер, ішіндегі қызмет жасап жүрген сыпайы мінезді қазақтың сұлу бүлдіршін ұл-қыздары, дәмі тіл үйірген түрлі ас мәзірлер алғаш келген бізге таңданыспен бірге жанға жайлы жақындық әкелді. Алматының адамынан ағашы көп, Бейжің секілді аспанға шаншылған биік қабаты ғимараттар тым аз, көбінде бес-алты қабаттан аспайды, кейбір көнелеу ғимараттардың сыртына сол жерде қандай ұлы адам өткенін ескерткен тақтайшалар жиі көзге шалынады.

Біз оқуға түскен Абай атындағы ҚазҰПУ 1928 жылы «Қазақ мемлекеттік университеті» атымен Қазақтың бірінші жоғары оқу орны болып ашылған, ол кезде бір ғана «педагогика» факультеті болыпты. Қазіргі кезде Абай университеті – Қазақстандағы жетекші және ірі оқу орны, сондай-ақ, отандық педагогикалық ғылым мен мәдениеттің орталығы. Білім берудің жоғары сапасы, республикадағы үздік 10 университеттің ішіндегі мақтауға тұрарлық өз орны бар педагогикалық университеттердің көрсеткіштері бойынша бірінші орында тұрады.

Университет әлемдегі 30 қанша мемлекетпен өзара достық қарым қатынас орнатыпты, тек Қытай Халық Республикасының өзінен Бейжің тіл және әдебиет университеті, Орталық ұлттар университеті, Бейжің педагогикалық университеті, Ухан университеті, Сания университеттері секілді оншақты үздік университеттермен достық келісім-шарттар жасалған, сондай-ақ, халықаралық байланыстар болашақта бұдан да күшейіп, шет елдермен, әсіресе көрші Қытай Халық Республикасымен ынтымақтастық пен достық одан әрі ұлғаяды деген үмітті арқалаған. Ал біз осы абзал саясаттың, екі ел достық байланысының арқасында осында білім алуға келіп, университеттің құрылғанына 90 жыл толған мерейтойына куә болдық.

Әуел баста Ахмет Байтұрсынұлы, Сәкен Сейфулин,



Темірбек Жүргенов, Санжар Асфендияров секілді ұлы тұлғалар осы қара шаңырақта білім берген екен. Универдің жер көлемі 10 мың шаршы гектар болып бас ғимаратынан өзге тағы үш орында бөлімшелері бар екен, мен Жамбыл көшесі мен Шоқан Уәлиханов көшесінің қиылысында орналасқан «Шетел тілдер» кафедрасындағы аударма ісі мамандығына бөліндім. Аударматанушы доктор Айгүл Қаскенқызы жетекші ұстазым болды. Жатаққанамыз бас оқу ғимаратының жанындағы Қазыбек би көшесі мен Қонаев көшесінің қиылысында орналасқан, тұрмысымызға өте қолайлы болды.

Келген күннің ертесі институт директорының қабылдауында болдық, келген қадамымызды қызу құттықтап, университетті қысқаша таныстырған ол кісі алдағы осынада болатын бір жылдық үйрену сапарымызға сәт-сапар тілеп, оқыту жұмыстарына жауапты орынбасары Саян Жиренов мырзаға бізді мамандықтарымыз бойынша орналастыруды тапсырды. Топтағы Мөлдір мен Ботагөз бакалавр 3 жылдығындағы «Қазақ тілі мен әдебиеті» тобына, ал Динара Қызырғалиқызы екеуімізді өз мамандығымыздағы магистранттар топқа табыстады.

Бұл жерде бәрі де жаңадан басталды, кириллица

әрпін ежіктеп оқып, осы ортаға бірден сіңісіп кету үшін тынбай құлшыныс жасаған бізге бәрі де оңай болмады. Топтағылар біздің сөзіміздегі кейбір қызықты диалекттерге қызықса, кейде біздің өмір кешірімелеріміз бен тұрмысымызға қайран қалып, жас балаша таңырқай сұрақ қояды. Ұстаздардың сұрағына таласып, тосылмастан еркін жауап беріп жатқан группаластарымызға қарап «бастауыш оқып жүрген кезімізде осылай ұстаздармен таласушы едік» - деп күлсек, кейде олардың алғыр да тартынбайтын өжеттігіне тәнті боламыз.

Лекциялардан, ғылыми канферациядан қалып қалмау үшін құлағымыз қашанда сақ жүретін болды. Қылығы баладан бір аумайтын жаны жайсаң, бізді өзінің балаларындай көріп, балаша әзілдеп жүрсе де көңілге көп ой түйгізетін Т.Тебегенов ағалардың лекциясынан қалып қалу бізге өте өкінішті болатын. Сол үшін де үлкен кісілердің лекциясы десе алдын ала баруға дайын жүрдік. Мерейтойлық мерекеге қарсы «Абай әлемі», «Алаш зиялыларының ғылыми-әдістемелік мұралары» секілді көлемді ғылыми канферациялар мен іс-шаралар ай сайын өтіп, бізге тынбай «тосын сый» жасап жатты. «Республика сарайы», «М.Әуезов атындағы академиялық театры», «Ғ.Мүсірепов атындағы жастар мен балалар театры» біздің апта соңындағы

аяғымыз үзілмейтін жерлер болса, төбесіне шығып қараған да Алматы алақандай болып көрінетін көрікті Көктөбе мен халыққа кең танылған Шымбұлақ бізге Алматының көркемдігін тағы бір қырынан таныстырып, қимас сезімімізді арттырып жатты. Дүрілдеп наурыз өтіп, жадырап жаз таяған сайын оқу сапарымыздың азайып бара жатқанын, осындай қарбалас арасындағы группаластармен бірге болған қызыққа толы сәттер біздің бір өмірлік көңілді естемелеріміз болып қаларын сезіп те жүрдік.

Алматыдағы сансыз көркем орындардың арасында бізге ыстық сезілетін тағы бір орын бар. Ол бас оқу ғимараты мен біздің жатақхананың қарсысындағы 1941-1945 жылдардағы соғыс ардагерлеріне арналған 28 панфиловшылар атындағы саябақ. Саябақта қазақтың ұлы батыры Б.Момышұлының мүсіні орналасқан, саябақтан өткенде әйгілі көк базар, тамаққа немесе орыс тілінен қосымша сабақтарға баратын жолдың бәрінде сол жерден өтеміз. Төрт маусымда құлпырып тұратын осы саябақ ішінде қанармандарды мәңгі естен шығармау үшін арнайы жасалған ескерткіш пен мәңгілік алау бар, ал мәңгілік алаудың қарсы алдында ұлттық құндылықты ардақтаған қазақтың ұлттық музыка аспаптарын таныстырған үлкен мұражай орналасқан. Оның ішінде Абай, Жамбыл, Дина, Махамбет секілді ұлылардың өзі қолданған музыка аспаптары қаз-қалпында сақталып тұр.

Алаудың қасында көпшілікке әйгілі оыс шіркеуі орналасқан, сонау жылдары Алматыда болған қатты жер сілкінісінде ешқандай ақау түспей аман қалған бұл тарихи ғимарат, естүмізге қарағанда, бір тал шегесіз ағаштармен қиоластырып салыныпты, ішінде ұлы суретшілердің салған суреттері бар екен, бұл жерді діни орын дегеннен көрі адамзат ақыл-парасатының жаунарлары сақталған үлкен көркемөнерлік мұражай деп кіріп аралауға да болатын болып шықты. Әр күні осы шіркеудің алдында бейбітшілік символы болған қалың кептерлер тобы жүреді, сізден үрікпестен иығыңызға қонып, қолыңыздан дәм дәмметеді.

Осындай жанға жайлы бақтың қасында орналасқан Абай университетінде оқып, білім алу біз үшін үлкен мәртебе болды. Сенен білім нәрін алған жеткіншектердің абыройы артып, даңқы әуелей берсін, бейбітшілік символы болған көгершіндер мәңгі сенің қасыңнан кетпесін. Асқақтай бер, мәуелей бер, менің қымбатты ҚазҰПУ-ым!

Өміржан СЕЙСЕНҚҰЛҰЛЫ

Жуырда Абай университетінде Түлектер форумы өтті. Іс-шараға Қазақстанның барлық өңірлерінен келген 50-ден астам түлек қатысты. Кездесуді Абай атындағы ҚазҰПУ әлеуметтік даму жөніндегі проректоры Шыңғыс Нұрланов ашты. Проректор ректор Дархан Біләловтың құттықтауын оқып, университеттің Түлектер қауымдастығының қызметі мен рөлі туралы айтып, оның тұған жоғары оқу орнының дамуындағы, ұрпақтар сабақтастығын нығайтудағы және тәжірибе алмасуды кеңейтудегі маңыздылығын атап өтті.

ТҮЛЕКТЕР БАС ҚОСТЫ



Түлектер қауымдастығы қоғамдық ұйымының президенті, «Қазақстан мәслихаттары депутаттарының қауымдастығы» РҚБ төрағасы Төлеубек Мұқашев түлектерге алғысын білдірді.

«Абай атындағы ҚазҰПУ Түлектерінің қауымдастығы 2018 жылы құрылды. Бүгінде түлектермен тығыз байланыс орнату мақсатында 1000-нан астам үздік түлектердің тізімі жасақталып, түлектерімізге қатысты барлық деректер қоры үнемі жаңартылууда. Оқу орнымызда Түлектер қауымдастығының және Университет демеушілік қорының жеке кабинеті ашылды. Үйлестірушілермен бірге «Түлектер энциклопедиясы» топтама-сында түрлі салада жетістіктері бар түлектер туралы мәліметтер жинақталды. Бүгінгі таңда энциклопедия 400-ден астам түлек туралы мәліметтермен толықтырылды, нақты мәліметтер бар, бұл ізденіс әлі де жалғасын табатын болады. Университет мұрағатында түлектердің электронды тізімін қалыптастырудамыз. Осы жұмыс барысында 90 мыңға жуық түлектердің тізімі жасақталып, алдағы уақытта толықтырылатын болады. Университетіміздің түлектері мен Абай университетінде қызмет етіп жүрген 5 профессор мен 2 түлек білім алушыларымызға көмек көрсетті. Өткен жылдардағы түлектердің арқасында бірінші курстың 9 студентіне шәкіртақы тағайындалса, қалғандарына біржолғы көмек

көрсетілді. Шәкіртақылардың жалпы сомасы 1 145 000 теңгені құрайды», - дей келе Төлеубек Мұқашев түлектер бұл бастаманы жан-жақты қолдап, өз университетінің дамуына үлес қосатындарына сенім білдірді.

Барлық форум қатысушыларына Түлектер куәлігі табыс етілді. Кездесу барысында түлектер студенттік өмірді көңілді еске алып, ұстаздарына алғыстарын айтып, пікір алмасты. Жас кәсіпкер, «PLATINUM TRAVEL KAZAKHSTAN» ЖШС директоры Гүзел Бекбаева жетістіктері университетте алған білімімен байланысты екенін баса айтып, университетке, оның басшылығына және ұстаздарына алғысын білдірді.

Кездесу барысында түлектермен тығыз қарым-қатынаста болу үлкен жетістік екені, оқу орны түлектермен одан әрі байланыс орнату арқылы талапкерлерді тартуда, студенттерді оқытуда, түлектерді жұмысқа орналастыруда, студенттердің әлеуметтік және материалдық-техникалық базасын жақсартуда негізгі қозғаушы күшке айналуы мүмкін екендігі айтылды.

Шара соңында түлектер естелік суретке түсті. Форумға қатысушылар түлектердің кезекті кездесуін асыға күтетіндерін жеткізді.

Болатбек НҰРБАТЫРОВ,

Түлектер қауымдастығының жетекшісі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУДЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ



Президент Қ.К.Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар - ел өркендеуінің берік негізі» Қазақстан халқына жолдауын қоғамға кеңінен насихаттау мақсатында «Bilim-orkeniet» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен өткен «Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қызметкері» республикалық байқауына Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогика және психология институтының профессоры, «Әлеуметтік ғылымдар (Психология)» ББ жетекшісі Г.Б. Ниетбаева қатысып 1 дәрежелі жеңімпаз атанды. Аталған іс-шараның мақсаты ретінде, тәуелсіздік жылдары өз мамандығының хас шебері атанып, еліміздің дамуына үлес қосып жүрген азаматтарды қоғамда кеңінен насихаттау, жастарға үлгі ету болып табылады.

Профессор Гүлмира Ниетбаеваға «Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қызметкері» республикалық байқауының І-дәрежелі дипломы табысталып, марапаттау рәсімін «Bilim-orkeniet» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы ҚР ПӘ жанындағы ведомстволық министрліктермен және марапаттау комитетімен бірлесіп өткізді.

БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ

ҮЗДІК ЖАС ҒАЛЫМ

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының ғылыми - білім беру мекемелері арасындағы өткен «Үздік жас ғалым-2022» жобасында ғылым мен білім беруді дамытуға қосқан үлесі үшін Филология институты шетел тілдері кафедрасының магистр-оқытушысы Дариға Исмаилова «Үздік Жас ғалым - 2022» төсбелгісімен марапатталды.

Сонымен бірге, «Бөбек» жалпыұлттық қозғалысы бірлестігінің ұйымдастыруымен өткен ТМД елдерінің V Халықаралық «Үздік жас ғалым - 2022» ТМД мен Еуропаның Жас ғалымдарының ғылымы мен тұлғалық табыстарын насихаттауға бағытталған бірегей жоба болып табылады. Дариға Исмаилованың «Шетелдік білім беруде интербелсенді «Дебат» технологиясын қолдану тиімділігі» мақаласы Халықаралық жас ғалымдар қауымдастығының І дәрежелі дипломымен марапатталды. Марапаттау Нұр-Сұлтан қаласында, Министрліктер үйінде жоғары деңгейде өтті.



Қазақстан жастарының 100 жаңа есімі қатарында



Республикалық «Дарынды жастар» жобасы аясында «Қазақстан жастарының 100 жаңа есімі» байқауы ұйымдастырылып, оған еліміздің түкпір-түкпірінен дарынды жастар қатысты.

Олардың қатарында университетіміздің Филология институтының студенті, Студенттік парламенттің мүшесі Берікбай Қаламқас бар, ол 1-орын алып, арнайы төсбелгі және дипломмен марапатталды.

Сондай-ақ, оның мақаласы «Қазақстан жастарының 100 жаңа есімі» жинағында жарияланды. Абай атындағы ҚазҰПУ студенті еліміздің дарынды жастарының біріне айналғаны қуантады. Қаламқасты осы жоғары жетістікпен құттықтаймыз және оған жаңа шыңдарды бағындыруда табыс тілейміз!

ӘЗІЛ

—Қарындас, сіздің ақбоз атқа мінген бекзаданы күткеніңізден хабарым бар...

—Иә...

—Ендеше мен келіп тұрмын!

—Жақсы болған екен. Ал, бекзаданың өзі қайда?



Соңы. Басы 1 бетте

АЛТЫН КӨПІР

БІЗДІҢ UNIVER ШЕТЕЛДІК СТУДЕНТТЕРДІҢ КӨЗІМЕН



Чэн Давей
(Китай), студент 3 курса


Я раньше никогда не был в Казахстане. Я приехал в Алматы учиться. Алматы, в Казахстане то же самое, что Санкт-Петербург в России. Алматы - финансовый и культурный, самое главное - студенческий центр. И здесь живут самые красивые девушки страны.

В Абай Университете на кафедре филологических специальностей для иностранных граждан преподаватели внимательно относятся к зарубежным студентам, что позволяет профессорам заниматься с нами практически индивидуально. Это помогает не только в изучении иностранного языка, но и предоставляет шанс для саморазвития в академической деятельности. Я участвовал и занимал призовые места в предметной олимпиаде университетов России, в общенациональном студенческом фестивале искусств «Абай алемі», в научной студенческой декаде университета, мы были на экскурсии в Туркестане, было и много другое.

Пандемия лишила нас, студентов, общения, очного обучения, взаимодействия со сверстниками из других вузов. Мы вынуждены учиться дистанционно. Сейчас я скучаю по Алматы, Абай Университету, высокогорному катку «Медео», по новым друзьям из других университетов г. Алматы, по преподавателям нашей кафедры! Университет подарил новую жизнь, новые предметы, новые впечатления. Спасибо за это. Они заполнили нашу жизнь.

Выбор университета — это важное решение. Я выбрал первый вуз РК- Абай Университет! И ни разу не пожалел об этом. Первый — это значит, с нашего университета начинается высшее образование в Казахстане. Это вызывает уважение и гордость!

Я уверен, что в будущем больше иностранных студентов приедут учиться в Абай Университет!



Дон Лихуэй
(Китай), магистрант 2 курса

Я читала, что первым из вузов в Казахстане был именно КазНПУ имени Абая. Поэтому я решила, что буду обучаться здесь, ведь это университет с большой историей и богатыми традициями. И я не ошиблась. Обучение в КазНПУ дало мне очень много: знаний, возможностей, опыта. Я познакомилась с новыми людьми, узнала новую и такую самобытную культуру казахов, увидела много красивых мест. Но самое главное — намного повысился мой уровень знания русского языка, таких успехов я не смогла бы достичь у себя на Родине.



Го Мэньюань
магистрант 1 курса

Меня зовут ГоМэньюань, магистрантка 1-го курса КазНПУ имени Абая. Казахстан для меня - это высокие горы и широкие степи, это гостеприимный народ, и конечно же - это Абай. Сегодня я вместе с казахским народом отмечаю день единства народов Казахстана и хочу выразить благодарность казахскому народу за гостеприимство, за мир и дружбу!



МЕНШІК ИЕСІ:
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Бас редактор
Болат ШАРАХЫМБАЙ
Көркемдеуші-дизайнер
Нұрбол ЖЕТИГЕНОВ
Акерке ЫСҚАҚ
фототілші
Серік ИМАНҚҰЛОВ

Редакцияның
мекен-жайы: 050010
Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі,
30-үй, № 323-бөлме.
Байланыс тел.: +7 /727/ 291-37-56
Газет бүкіл республикаға тарайды.

Тапсырыс № 218
Индекс 65285
Таралымы 1000
• Автордың мақалалары
редакция көзқарасын білдірмейді.
• Редакцияға түскен материал
қайтарылмайды.

«ҰЛАҒАТ» баспасының
баспаханасында басылды

Баспа директоры
Таңат ӘЛИАСҚАРОВ

Баспаның мекен-жайы:
050010
Алматы қаласы,
Қазыбек би көшесі, 30 - үй.